

Егемен Қазақстан

Сіз бен біз немесе сөздің құны



Ендігінің жазушылық өнер соқпағы аға ұрпақ көріп-білген тағлымнан өзгешелеу. Тұңғыш кітабын шығарған бойда тұсаукесер шарасын өткізіп, үлкен іс тындырғандай сенім ұялаған жүздерді ыңғай ұшырататының бар. Рухани тәжірибесі толысқан жасы үлкендердің алған әсері мен қорытқан ой-пікірлері тап мұндай шараларға ауадай қажет.

Дей тұрғанмен тап осындай ахуалға өзінен-өзі сұранатын шешімді сөздерге үйірлік танытпай, құлақтары тосаңситын үрдіс қашан, қалай орныққанын көз алдымыздан өткеріп алып, ештемені аңғармаған аңғал кейіп таныту қай бір оңған іс дейсің баяғы. Сөйтсе де қолына қалам ұстауға тәуекелі жетудің жолы мен жөнінің ұзын тарихына үңіліп, дәстүр мен ұстаным біткеннің беріктігіне көз жеткізіп қана қоймай – тағдыр талқысына түскен тұлғалардың ізденіс кезеңдерінің өзі дәуір ерекшеліктерімен үндесетініне қайран қаласың. Мұны таратып айтудың жауапкершілігі орасан, нар жүгіне татитындай білім біткенді қауашаққа сыйғызудың өзі екіталай. Жарамсақ жалғандықтан ада кісілікті қолына шырақ алып іздеген кезде – «Семейдің бұл қаласы» деп Абайша айтқанда анда-санда алдыңнан шықса, біле-білген кісіге оның өзі таптырмайтын олжа. XIX ғасырдың зарзаман ақындарынша түңлістің ауқым көлемін зорайтып, үрейлендіре абыржытудың әкелер жақсылығы шамалы. Қазақ жанының пернесін нәзік қозғайтын сөз жарықтықтың әсершіл қуаты төмендегелі елітіп, еліктіріп әкететін заманаға сай тетікті ойластыратын уақыт әлдеқашан жетті. Сөздің әлбетте сұрауы бар, алайда оның есебін біліп, мөлшерін анықтап отыратын әдеттен алшақтау нышандары жеткілікті. Жұмырбасты пенде баласының ақыл-ойы алғыр тартса да, өзімшіл ауруынан арылу қиынға соғып барады.

Сөздің еш әсер етпейтін себебіне бойлауға ешкімнің құлқы жоқтығына етіміз үйренгені сонша – сыпайылықтан ада сыйымсыздау мінездерді ерен санамайтынға айналыпмыз. Басқосулардың барысын былай қойып, той-томалаққа кітабын қоса ала келіп, мынау атақты жазушының қолтаңбасын тойға тарту ретінде қабылдаңдар деп жазған лебізінде бір қарағанда түк залалы жоқ сияқты. «Ұлы жазушы» демегеніне ішіңнен шүкіршілік қылып, айтылған сөз атылған оқ есепті екенін кейде ұмытатының бар. Келекеле көпті сыйламаудың мұншалықты асқынған түрінің төркінін тереңді қопармай-ақ кезіктіре бастасаң тұла бойың тітіркене тоңазиды. Өйткені, үлкеннің алдынан қия өтіп көрмеген, кейбіреудің омырау өктемдігіне көндігіп үйренген халық өкіліміз. Тіпті ұрдажықтау өрескел қылықтарын еркелікке ұйғарып, тексіздікке таяу мінездерді аңыз ғып айтып, әпсана ғып таратуға әуестігімізде ұлттық кеңдік пен кешірімшіл ерекшеліктеріміз байқалады деп жақауратудың күні өтіп бара жатқалы қашан.

Көп томдықты шығару үрдісінің орнығып, кең қанат жаюында – шаңырақ шайқалтып, кереге қирататын озбыр оғаштық атауымен жоқ та. Қырық төрт жасында

о дүниеге бет бұруға қамданған Чеховтың көңілін сұрай келген қарт Толстой осы күнге дейін жазған-сызғаныңды түгел жинастырып, жарыққа шығар деп кеңес айтатыны бар. Болат Қанатбаев деген жазушының қазасы үстінде Қадыр Мырза Әлі де қаламгер атаулы өлгеннен кейін шашауын шығармай мұрасын түгел бастырған дұрыс деп айтқаны әлі күнге дейін есте. Мұнда бір ізгілікті мәдениет бар.

Ал енді жиырма томға таяу кітабын шығарған көзі тірі жазушымыздың әрқайсысының беташарындағы жазуға көз жүгірте қарасаң – қазақтың классик, атақты, даңқты, қасиетті қаламгері секілді эпитеттерден аяқ алып жүре алмай малтығып қала жаздайсың. «Кей адам дүниеге қанша бой алдырса да» үмітінің өлмейтін үздіктігінен былай – қарапайым халық алдында өздерін ұлы жазушы дәрежесінде ұстайтындарына таң қаласың. Асқаралы шыңдармен теңесетін сыншылық ой жер бауырлап етекке түскен соң кіл өңкей жүгенсіздік алдымыздан андыздап шығып келеді. Оған тоқтау салатын сіз бен біз.

Тоқтау салу деген былайынша жаймен айтыла салған сөздің кезегіндей. Ал дүниеге кімдердің шығармаларын іріктеп, ұялмай ұсынуға болады деген мәселеге сыпыра ұмтылғандарын шыққыр көзіміз көрген соң бұған имене тоқталмасқа амалың кәне. Рухани тұтқаны ұстағандардың бірімен кезінде тілдесудің реті келіп қап, көркемдік талғамға деген көзқарас нәзік ғұрпынан айрылып, түйетабанданып бара жатқанын күйзеле жеткізген кезде, жанашыр сыңайда ұзақ тесіліп барып: «Оған көп алаңдай бермеңіз ағасы, бұл бүкіл әлемдік беталыс осылай» деп кесіп айтқаны ыңғай ойға орала береді. Күллі дүниенің сиқы солай болса, онда бізге не жоқ деп алдында өзімізді-өзіміз жұбатып, көңіліміз біржола тыншыған сияқтанған. Келе-келе қарасақ бұған алдануға болмай бара жатқанын аңдайсың. Тура осы бағыттан таймай алды-артымызға қарамастан тоқтаусыз кете беретін болсақ – надандану үдерісінің тұйығына бір-ақ тірелетін түріміз бар. Қариялық жастағы адамға көріпкелдік танытып, есіле сөйлеу әлбетте сыйымсыз. Дей тұрғанмен тобырлық мәдениеттің құла тасқын екпінінен құлан-таза шығудың жолы қандай, көп болып ойласатын шаруа шынтуайтында осы екен.

Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ